

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 10 маусым N 1725 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.23. N 2791 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жариялау және күшіне енгізу тәртібін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері қабылданғаннан кейін " Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағында" басуға қол қойылатын келесі номерінде, сондай-ақ "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Халық жаршысы" және "Вестник Казахстана" газеттерінде жарияланады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің осы Жарлықтың 1- тармағында аталған органдарда басылуы ресми жарияланым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің актілері өзге де баспасөз органдарында басылып, теледидар, радио арқылы жариялауы, телеграф, телефакс арқылы берілуі, тиісті мемлекеттік және басқа ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын құпиясы бар актілері жариялануға жатпайды. Бұл актілердің түпнұсқасында құпиялылығы туралы белгі қойылады және олардың күші қолданылатын ұйымдар мен азаматтарға белгіленген тәртіп бойынша жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұнай актілері белгіленген тәртіппен баспа басылымдарында мазмұндалып жариялануы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің нормативті сипаты бар актілері ресми түрде жарияланғаннан кейін он күн өткен соң Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бір мезгілде күшіне енеді.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің нормативті сипаты жоқ актілері қабылданған сәтінен бастап күшіне енеді.

6. Қазақстан Республикасының Президенті актіні қабылдаған кезде оны күшіне енгізудің басқа мерзімін белгілеген жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін күшіне енгізудің осы Жарлықтың 4 және 5- тармақтарында көрсетілген мерзімдері

қолданылмайды.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жариялау тәртібін реттейтін нормативті актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтіретін болсын.

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті